



**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

(Қазақстан Республикасы, А26МЗК5, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40-үй)

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ
АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 51-бабының 6-тармағына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі 2024 жылғы 9 желтоқсанда өткен акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей сырттай дауыс беру арқылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында (сондай-ақ бұдан әрі – акционерлердің жалпы жиналысы) сырттай дауыс беру нәтижелері туралы хабарлайды.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілген мәселелер және сырттай дауыс беру нәтижелері көрсетілген акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер:

1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселе: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы.

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және сырттай дауыс беру нәтижесі:

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі қалыптастырған сырттай дауыс беру арқылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін («Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің екінші мәселе бойынша шешімі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 7 қарашадағы сырттай отырысының № 49 хаттамасында) бекіту.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы саны – 8 821 010 856. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге қатысқан акционерлердің жалпы дауыс саны 8 623 078 226 құрады. «Жақтағандар» – 8 623 078 226, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 0, дауыс беруге қатыспағандар – 0.

Шешім жиналыста ұсынылған «Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен қабылданды.

2. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселе: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жөнінде шешім қабылдау туралы. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы.

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және сырттай дауыс беру нәтижесі:

өткен жылдардың бөлінбеген таза табысынан «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның (ISIN KZ000A0LE0S4) жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу:

атауы: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ;

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А26МЗК5, Алматы қ., Медеу ауданы, Әл-Фараби даңғ., 40-үй;

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ банктік және өзге де деректемелері: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі; БСК – NBRKKZKX, корреспонденттік шот – KZ87125KZT1001300313, БСН – 940140000385, БЕК – 14;

дивидендтер төленетін кезең: 2023 жыл;

бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері: 9,57 теңге;

дивидендтерді төлеудің басталу күні: 2024 жылғы 12 желтоқсан;

дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны:

дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні 2024 жылғы 10 желтоқсандағы (Алматы қаласының уақыты бойынша) күннің басындағы жағдай бойынша (00 сағат 00 минут);

дивидендтерді төлеу нысаны – қолма-қол ақшасыз.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы саны – 8 821 010 856. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге қатысқан акционерлердің жалпы дауыс саны 8 623 078 226 құрады. «Жақтағандар» – 8 623 078 226, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 0, дауыс беруге қатыспағандар – 0.

Шешім дауыс беруге қатысатын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданды.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселе: «2025 – 2027 жылдары атқарылатын қызметті қорытындылау үшін «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қаржылық есептілігіне аудит жүргізуге аудиторлық ұйымды айқындау туралы».

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және сырттай дауыс беру нәтижесі:

«Делойт» ЖШС-ны 2025 - 2027 жылдары атқарылатын қызметті қорытындылау үшін «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйым ретінде айқындау.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы саны – 8 821 010 856. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге қатысқан акционерлердің жалпы даусының саны 8 623 078 226 құрады. «Жақтағандар» – 8 623 078 226, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 0, дауыс беруге қатыспағандар – 0.

Шешім дауыс беруге қатысатын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданды.

4. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселе: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларын артықшылықпен сатып алу құқығын қолданбай орналастыру (өткізу) тәртібін, шекті санын және мерзімін айқындау туралы.

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және сырттай дауыс беру нәтижесі:

1. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 16-бабы 7-тармағын іске асыру мақсатында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның акцияларын артықшылықпен сатып алу құқығын қолданбай орналастырудың (өткізудің) мынадай тәртібін, шекті саны мен мерзімдерін айқындау:

1) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларын ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығына орналастыру (өткізу) мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақыны «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларымен төлеу;

қызметкерлерді «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларымен ынталандыру;

2) олардың арасында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акциялары орналастырылатын (өткізілетін) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қызметкерлері мен Директорлар кеңесі мүшелерінің санаттарын, сондай-ақ оларды орналастыру (өткізу) үшін өлшемшарттар мен талаптарды «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі нормативтік құжаттарында белгілейді.

2. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері мен қызметкерлері арасында артықшылықпен сатып алу құқығын қолданбай орналастыруға (өткізуге) жататын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларының шекті санын акционерлердің жалпы жиналысының осы мәселе бойынша шешім қабылдаған күніне «Қазақстан Халық Банкі» АҚ орналастырылған

(сатып алынғандарды шегергенде) акцияларының жалпы санының 1 % (бір) пайызына дейін (қоса алғандағы) көлемде белгілеу.

3. Директорлар кеңесінің мүшелеріне 2-тармаққа сәйкес акциялар саны шегінде артықшылықпен сатып алу құқығын қолданбай «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акциялары акционерлердің жалпы жиналысы осы мәселе бойынша шешім қабылдаған күнге «Қазақстан Халық Банкі» АҚ орналастырылған (сатып алынған акцияларды шегергенде) акцияларының жалпы санының 0,5% (нөл бүтін оннан бес) пайызына дейін (қоса алғандағы) көлемде орналастырылатынын (өткізілетінін) айқындау.

4. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акциялары акционерлердің жалпы жиналысы осы мәселе бойынша шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жылға дейінгі мерзім ішінде артықшылықпен сатып алу құқығын қолданбай, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері мен қызметкерлері арасында орналастырылуға (өткізілуге) жататынын белгілеу.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы саны – 8 821 010 856. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге қатысқан акционерлердің жалпы дауыс саны 8 623 078 226 құрады. «Жақтағандар» – 7 997 422 346, «қарсы болғандар» – 625 655 880, «қалыс қалғандар» – 0, дауыс беруге қатыспағандар – 197 932 630.

Шешім «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 36-бабының 2-тармағына және Банк Жарғысының 25-бабының 2-тармағына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілік даусымен қабылданды.

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Директорлар кеңесі**